

Жария сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 266 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 бабының 1-1 тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатынас хаты негізінде Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Абай және Табантал ауылдық округтері аумағында орналасқан пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, 2028 жылдың 27 қазанына дейін, жалпы алаңы 19287, 5329 гектар жер учаскесіне, жеке меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай жария сервитут белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысының Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен "ERG Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзара жария сервитут жөніндегі шарт жасақтасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Хромтау ауданы әкімінің орынбасары С. Жаконовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 5 желтоқсаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі:

А. Бекет